

1 2008

11623 5

С. Молдабаев

СОТ

ҚҰЖАТТАРЫ:

теория және тәжірибе



СУДЕБНЫЕ

ДОКУМЕНТЫ:

теория и практика



АЛМАТЫ ЖЕТИ ЖАРҒЫ

С. Молдабаев

СОТ
ҚҰЖАТТАРЫ:
теория және тәжірибе

(сот құжаттарын әзірлеуге байланысты ұсыныстар)

СУДЕБНЫЕ
ДОКУМЕНТЫ:
теория и практика

(рекомендации по составлению судебных документов)

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2006

ББК 67.71
М 66

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Қазақстан Республикасы ПИМ академиясының ғылыми кеңесі ұсынған

Рецензенттер:

Т.Қ. Айтмухамбетов, з. ф. д., профессор, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы сот төрелігі институтының ректоры;

Б.Х. Төлеубекова, з. ф. д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің проректоры;

Е.С. Еркенов, з. ф. д., профессор, Қазақстан Республикасы ПИМ-нің академия бастығы, генерал-майор полициясы.

М 66 **Молдабаев С.**

Сот құжатты: теория және тәжірибе: Оқу-практикалық құрал. Судебные документы: теория и практика. — Алматы: Жеті жарғы, 2006. — 352 бет.

ISBN 9965-11-221-5

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл жинаққа негізінен практикалық материалдар енгізіліп, сот құжаттарын әзірлеуге байланысты ұсыныстар топтастырылды.

Оқу құралындағы сот құжаттарының үлгілері судьяларға, сот мәжілісі хатшыларына және соттың басқа да қызметкерлеріне сот құжаттарын дұрыс дайындауға көмектесуді мақсат тұтады. Келтірілген сот құжаттарының үлгілері сот қызметінде кездесетін барлық құжаттарды қамтымайтынын айтып өтуі қажет.

Басылым судьяларға, сот мәжілісі хатшыларына және заң жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

Книга включает материал преимущественно практического характера, дает рекомендации по составлению судебных документов.

Примерные варианты судебных документов преследуют цель помочь судьям, секретарям судебных заседаний и другим работникам суда правильно составлять судебные документы. Необходимо учесть, что приводимые образцы судебных документов являются примерными, не охватывают все встречающиеся в судебной практике случаи и не учитывают специфику всех рассматриваемых дел.

Для судей, секретарей судебных заседаний, преподавателей и студентов юридических вузов, а также для широкого круга читателей.

М $\frac{1203021300-003}{419(05)-2006}$ 16 – 2006

ББК 67.71

ISBN 9965-11-221-5

© С. Молдабаев, 2006
© «Жеті жарғы» ЖШС, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл еңбек автордың Талдықорған және Алматы облыстық соттарының судьясы, Алматы қаласы, Алмалы аудандық сотының төрағасы, Қазақстан Республикасы Әскерлері Әскери сотының қылмыстық істер бойынша алқасының төрағасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот академиясының оқытушысы қызметтерін атқару барысында жинақтаған мол тәжірибесінің негізінде жазылып отыр.

Сонымен қатар, автордың қылмыстық іс жүргізу мен құқық саласындағы ғылыми ізденісі сот құжаттарын әзірлеуге байланысты типтік ортақ кемшіліктерге назар аудару қажеттігіне ой салған еді.

Алайда, бүгінгі таңда бірде-бір заң оқу орындарында судьялар мен сот қызметкерлері арнайы дайындалмайды, сол себепті олардың бағдарламаларында сот құжаттарын әзірлеудің негізін үйрету қарастырылмаған.

Тек ерекше болып Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік Басқару академиясының сот төрелігі институтында нақты оқу-тәжірибелік оқу құралдың авторымен «Қылмыстық істер бойынша процессуалдық құжаттарды толтыру» пәні бойынша алғашқы оқу-әдістемелік жинақтама дайындалған. Жиынтық Қазақстан Республикасы сот қызметіне магистранттарды дайындауға бағытталған. Осы пәннің мақсаты – сот құжаттарын дұрыс толтыру дағдысын құрастыру және болашақ сот қызметкерлерін сот құжаттарын толтырудың жалпы мәселелерімен, қойылған талаптарымен таныстыру.

Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыстың сот өндірісінің түрлі сатыларына қатысты іс жүргізу құжаттарының жалпы жобасын ғана айқындайды, ал оларды жасау елеулі түрде түрлі сипаттағы іс жүргізу әрекеттерін орындайтын нақты сот қызметкерлерінің тәжірибесі мен практикалық білімімен айқындалады.

Сот төрелігін жүзеге асырудың тұтастай кепілдік жүйесін көрсететін сот құжаттарын жасаудың маңыздылығы әдебиеттерде үнемі жазыла бермейді. Сот қызметкерлері, оның ішінде өз міндеттеріне алғаш рет кірісуші судьялар сот құжаттарын дайындауды білмейді

және олардың іс құжаттарын дайындау тәжірибелері де жоқ. Олар әдетте әріптестерінің тәжірибелеріне жүгінеді, дегенмен оның барлығы сот құжаттарын дұрыс жүргізеді деп айтуға болмайды. Егер судьялар өз әріптестерінің тәжірибелерінен үлгі алып, өз шығармашылық мүмкіндіктерін толық пайдаланбаса, сот құжаттарын жүргізуде бұрынғы қателіктерін қайталай береді.

Сот тәжірибелерінде кездесіп тұратын сот құжаттарының дұрыс жүргізілмеуіне байланысты сот шешімдерін (үкімдер мен қаулылар) өзгерту және бұзу жағдайлары сот құжаттарына деген қатынасты өзгерту, болашақта сот қызметкерлерін тиісті дәрежеде дайындау керектігін қажет етеді. Әрбір сот құжатының мазмұны мен нысанына деген талаптарды сақтай отырып дайындаудың маңызы зор.

Сот құжаттарын ресімдеу тек техникалық тұрғыда пайдаланылатын тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр, ал оның маңызын оқу және монографиялық әдебиеттерде жете бағалау – іс жүзіндегі қызметкерлерде сот құжаттарын жүргізуге заңның керексіз талабы ретінде қарау көзқарасы қалыптасқан деуге болады. Алайда, іс құжаттарын жүргізу шығармашылық процесс болып табылады, сондықтан кейбір заңгерлердің мұны таза техникалық әрекет деп есептейтін пікірлерімен келісуге болмайды.

Автор бұл сот құжаттары оқу құралында құрылымның түрлі сатылардағы сот талқылауының мазмұны мен реквизиттері туралы толықтай түсінік беруді мақсат тұтқан. Себебі сот өндірісінде бірінші сатыдағы сот құжаттарын жүргізуде көптеген қателіктер жіберіледі.

Оқу құралына енгізілген негізгі сот құжаттарының жоба нұсқалары үлгі және нормативті құжат емес, мұнда келтірілген фамилиялар, елді мекен атаулары, соттардың, прокуратуралардың және сот талқылауына қатысушылардың аттары ойдан шығарылған.

Ұсынылып отырған оқу-практикалық құралы судьяларға, әсіресе сот саласындағы қызметті жаңа бастаушыларға, сот отырысының хатшыларына қылмыстық істер бойынша сот өндірісін жүзеге асыру барысында іс жүргізу актілерін құрастыруға көмекші құрал ретінде жазылған. Сондай-ақ бұл оқу құралын жоғары және орта арнаулы заң оқу орындары студенттеріне де пайдалануға болады.

Б.ТӨЛЕУБЕКОВА,
заң ғылымдарының докторы, профессор.

1. СОТ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ОНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Құжат (лат. *Documentum* деген сөзден шыққан) дәлелдеме, куәлік дегенді білдіреді. Орыс тіліне құжат деген сөз Петр патша дәуірінде енген болатын, ол кезде документ деп құқықтық маңызы бар іс қағаздарын айтатын. Кейін «документ» сөзінің екі түрлі мағынасы пайда бола бастады: 1) тар, тұрмыстық мағынасы — төлқұжат және жеке басының куәлігі; 2) кең мағынада — қандай да бір нәрсені айғақтайтын, куәландыратын заттың барлығы.

Сот құжаты қоғамдағы сот үрдісі процесін қамтамасыз ететін құжаттар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қылмыстық істерге байланысты сот төрелігін жүзеге асырғанда заң тиісті іс жүргізу құжаттарын толтыруды талап етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 328-бабына сәйкес басты сот талқылауы барысында хаттама жүргізіледі. Қазақстан Республикасының ҚІЖК 325-бабының 1-бөлігінің күшімен басты сот талқылауында шешетін барлық мәселелерге сот қаулы алады; Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 44-тарауына сәйкес бірінші сатыдағы сот істі шешкен кезде үкім, ал Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 387-бабында көзделген негіздерде сот кеңесу бөлмесінде жеке қаулы шығарады.

Егер де қылмыстық іс рақымшылық (апелляциялық) шағым, наразылық бойынша қарастырылса, онда Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 423-бабына сәйкес рақымшылық (апелляциялық) қаулы шығарылады; қадағалау сатысындағы судья, қадағалау шағымын алдын ала қарастырғанда, оны зерттеп, танысып шыққаннан кейін Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 460-бабының 3-1-бөлігіне сәйкес тиісті сот сатысына шағымдалған сот қаулысын қайта қарау туралы ұсыныс енгізеді. Шағымдалатын сот қаулыларын қайта қарауға негіз жоқ болса, қадағалау шағымының иесіне жазбаша хабарлама жіберіледі. Қадаға-

лау сатысындағы сот өз шешімдерін Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 467 және 468-баптарына сәйкес, қаулы нысанында қабылдайды.

Жоғарыда аталған іс жүргізу құжаттары негізгі сот құжаттары деп есептелгенмен, сот тәжірибесінде басқа да іс жүргізу құжаттары кездеседі. Ол қылмыстық істің нақты мән-жайларына, сотталушының жеке басына, жинақталған материалдарына байланысты дайындалатын іс құжаттары, алайда мұндай құжаттар әрбір іс үшін міндетті емес. Олар: *шақыру қағазы, қолхат, хабарлама, ерекше пікір, ресми ескерту, бұйрық және ұйғарым*.

Сонымен, сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі сот құжаттарына барлық сот шешімдері (қаулы, үкім), сот отырысы хаттамасы, сондай-ақ қосымша іс жүргізу құжаттары (шақыру қағазы, қолхат, хабарлама, жазбаша хабарлама, жазбаша тапсырма, ерекше пікір, бұйрық, ұйғарым және т.б.) жатады.

Сот төрелігін жүзеге асырғанда негізгі сот құжаттары міндетті болып табылады және олар қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында толықтай реттелген. Занда бұл құжаттардың атауы ғана емес, олардың қолдану түрі мен қаулы, үкім және хаттаманың реквизиттері¹ де көрсетіледі.

Судьялар қылмыстық істерді қараған кезде көбіне қаулы шығарады.

1.1. Қаулы

Сот құжатының осы түрі арқылы судья немесе сот құрамы басты сот талқылауын тағайындаудан бастап қадағалау сатысында шешім қабылдағанға дейінгі көптеген мәселені шешеді.

Айталық, Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 299-бабына сәйкес, судья келіп түскен іс бойынша осы бапта көзделген шешімдердің біреуін қаулы нысанында қабылдайды.

Басты сот талқылауында кез келген сот шешімі істегі туындаған мәселеге жауап береді, оны шешеді және қаулыда тұжырымдайды. Сөйтіп, жеке жағдай үшін заң шығарылады – *judex lex facit inter partes*².

¹ Реквизит (лат. *requiritum* – қажетті талап етілетін мағынасында) – міндетті мәліметтер жиынтығы, онсыз құжат есепке алынбайды және жанды күші болмайды. Бұл заңмен немесе ережелермен іс қағаздары үшін бекітілген міндетті мәліметтер. Реквизиттердің біреуінің болмай қалуы оның мәні бойынша қолдану құқығынан айырады.

² Судья тараптар арасында заңды белгілейді (лат.).

Сот талқылауы барысында туындайтын барлық мәселе бойынша соттың шығаратын көптеген шешімдері қаулыларда тұжырымдалуы және Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 325-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот отырысында жариялануы тиіс. Үкім шығарылған кезде, бірге қабылданатын қаулылар үкіммен бірге жарияланады, бұл әдетте жеке қаулылар болады.

Басты сот талқылауында шығарылатын сот қаулылары екі түрлі болады: 1) кеңесу бөлмесіне бармай шығарылатын ауызша қаулылар; 2) соттың кеңесу бөлмесінде шығаратын жеке жазбаша құжат түріндегі қаулылар.

Ауызша деп аталатын қаулыларды судьялар сол жерде, яғни, сот отырысы залында кеңескеннен кейін, даусыз, айқын мәселелер бойынша қабылдайды. Сот залында шығарылған қаулы мазмұнын төрағалық етуші ауызша тұжырымдайды және ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Сот күрделі, даулы мәселелер бойынша туындаған дауларды кеңесу бөлмесінде талқылап қаулы шығарады. Мәселен, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 325-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот келесі мәселелер бойынша кеңесу бөлмесінде жазбаша қаулылар шығаруға міндетті істі қосымша тергеуге жіберу туралы, істі қысқарту туралы, қылмыс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы, бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе оның күшін жою туралы, бас тарту туралы, сараптама тағайындау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 387-бабында көзделген негіздер пайда болса, сот кеңесу бөлмесінде жеке қаулы алады. Ол қаулылар судья немесе сот құрамы қол қоятын жеке құжат түрінде жасалады және жазбаша дәйектемелерді талап етеді.

Басты сот талқылауында шығарылатын соттың барлық қаулылары жедел түрде міндетті жариялауға жатады. Судья немесе сот құрамы шығаратын қаулыларды мазмұны бойынша төмендегідей 9 топқа бөлуге болады:

- 1) сот талқылауын бастайтын;
- 2) сот талқылауын бөлетін;
- 3) сот талқылауын аяқтайтын,
- 4) сот іс-қимылдарын көздейтін;
- 5) жеке;
- 6) апелляциялық сатының;
- 7) үкімді орындауға байланысты;
- 8) қадағалау сатысы тобы;

9) қылмыстық іс өндірісін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне және шешімдеріне шағым жасалатын қаулылары;

Бірінші топқа: Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 301, 299-баптарына сәйкес алдын ала тындауды өткізу және басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы;

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 391-бабында көзделген тәртіпте жеке айыптау ісі бойынша шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы судьяның қаулысы; апелляциялық сатының сот отырысын тағайындау туралы қаулы (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 408-бабы); сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі істі қарау туралы қаулы (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 515-бабы) жатады.

Аталмыш қаулылар сотта қылмыстық істердің түрлі санаттары және материалды қараудың іс жүзіндегі алғы шарттары болып табылады. Мұндай қаулылар Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 299 және 302-баптарының талаптарына сәйкес сот отырысын тағайындау үшін жеткілікті негіздердің бар екендігі туралы қорытынды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 300-бабында көзделген мәселелерге сай болулары қажет.

Екінші топқа: басты сот талқылауын кейінге қалдыру және іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулылар жатқызылады.

Басты сот талқылауын кейінге қалдыра тұру туралы қаулыны сот Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 321, 327 336 және 344-баптарына сәйкес мына жағдайларда шығарады:

1) сот отырысына шақырылған адамдардың бірінің келмеуі салдарынан;

2) жана дәлелдемелер алдыру қажеттілігіне байланысты;

3) басты сот талқылауында тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында;

4) сотталушыға айыптау қорытындысы көшірмесін және басқа құжаттарды тапсырмаған немесе уақытылы тапсырылмаған жағдайда;

5) іске қатысушы адамдардың бірі болмауына немесе оны ауыстыруға байланысты;

6) сот отырысына шақырылған қорғаушы, сарапшы және прокурорға қылмыстық іс материалдарымен танысып шығу мүмкіндігі берілуіне байланысты.

Осы айтылған жағдайдың бәрі сот отырысын кейінге қалдыру, оны сол кезеңде жалғастыру, істің айғақты мән-жайларын

дұрыс анықтау және процеске қатысушылардың құқықтарын сақтау мүмкін болмағанда, объективті қажеттіліктен туындайды.

Сот отырысын кейінге қалдырғанда сот келмеген адамдарды шақыру немесе қажетті дәлелдерді алдыруға шаралар қолданылды, сонымен бірге процеске қатысушыларға оның кейінге қалдырылғаны, қайта қаралатын күні мен уақыты туралы міндетті түрде хабарлайды. Ал, сот тәжірибесінде басты сот талқылауын белгісіз мерзімге қалдыру жағдайлары жиі кездесіп тұрады, ол қылмыстық іс жүргізу заңнамасын өрескел бұзу болып есептеледі.

Мұнда сот талқылауын кейінге қалдыруды сот отырысының үзілісінен айыра білу керек. Сот отырысында үзіліс жасалғаннан кейін, істі тыңдауға үзіліс жарияланған сәттен бастап жалғастырылады. Сот талқылауын кейінге қалдырған кезде іс бойынша сот отырысының жалғастырылуы немесе қайтадан басталуы мүмкін. Егер келесі отырыста да бұрынғы сот құрамы қамтамасыз етілсе, оны тоқтатылған сәтінен бастауға болады.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 50-бабында көзделген негіздерге сүйене отырып, кодекстің 321-бабының 2-бөлігіне сәйкес іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы шығарылады:

- 1) сотталушы соттан жасырынып қалған жағдайда;
- 2) айыпталушы жүйкесінің заңда көзделген тәртіпте қуәландырылған уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқастануы;
- 3) соттың нақты қылмыстық істе қолданылуға тиіс заңның немесе өзге де нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкес еместігін тану не адамның және азаматтың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандығын шектейтіндігі туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауы;
- 4) қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін тежеусіз күштің іс-әрекеті жағдайында анықтаушының, тергеушінің немесе соттың қаулысымен толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтатыла тұруы мүмкін;
- 5) тиісті сараптама жүргізілген;
- 6) осы Кодекстің 55-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты іс жүргізу әрекеттері орындалған жағдайда анықтаушының, тергеушінің немесе соттың қаулысымен толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтатыла тұруы мүмкін.

Алайда, істі кейінге қалдырып, оны тоқтатқан кезде сот жаңа сот отырысы басталуының белгілі бір мерзімін белгілей алмай-

ды. Сот іс бойынша өндіріске кедергі келтірген мән-жайлар жойылғанға дейін іс жүргізуді тоқтата тұрады.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 304-бабының 2-бөлігіне сәйкес, іс бойынша іс жүргізу бірнеше айыпталушының біреуіне қатысты қорғануға арналған оның құқығына немесе басқа да айыпталушының құқығына нұқсан келтірмеуі шартымен уақытша тоқтатылуы мүмкін. Оларға қатысты іс жүргізу тоқтатылмаған айыпталушылар қамауда болған және судья оларға бұлтартпау шарасын өзгертуді мүмкін деп таппаған жағдайда іс жүргізу отыз тәуліктен аспайтын мерзімге тоқтатылуы мүмкін. Егер осы уақыт ішінде айыпталушылардың біреуіне қатысты іс жүргізуді уақытша тоқтатуға негіздер жойылмаса, онда басқа айыпталушыларға қатысты іс жүргізу жанартылуы және басты сот талқылауының күні белгіленуі тиіс.

Үшінші топқа: қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтару және қылмыстық істі тоқтату туралы, сондай-ақ қылмыстық істі соттың қарауына жіберу жөнінде қаулылар жатады.

Сот басты сот талқылауы сатысында қылмыстық істі сот талқылауына дайындау барысында осындай шешім қабылдауға көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу туралы қаулы шығарады (ҚР ҚІЖК-нің 303-бабы).

Ондай шешім қабылдау негіздері басты сот талқылауы бас-талғанға дейін де, сонымен бірге сот тергеуі барысында да немесе аяқталғаннан кейін де анықталуы мүмкін.

Істі қосымша тергеуге жібергенде басты сот талқылауы аяқталады, сол арқылы сот отырысында тұлғаға бұрын тағылған айыпты қарастыру туралы сот шешімінің күші жойылады. Сондықтан Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 323-бабының 2-бөлігіне сәйкес, іс қосымша тергеу аяқталғаннан кейін сотқа келіп түскен кезде сот отырысын тағайындау мәселесі жалпы тәртіппен шешіледі.

Сот талқылауы істі тоқтату туралы қаулы шығарумен аяқталуы мүмкін, егер талқылау барысында Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 37-бабының 1-бөлігі 3-12-тармақтарында көзделген мән-жайлар анықталса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 317-бабының 6-бөлігі ережелеріне сәйкес айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда, іс басты сот талқылауында Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 38-бабының 1-бөлігінде көзделген негіздер бойынша да тоқтатылуы мүмкін. Яғни, сот Қазақстан Республикасының ҚІЖК-інің 38-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген

ақтамайтын жағдайлары бойынша адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық істі қысқартуға құқылы.

Жеке айыптау істері және жеке-жариялы айыптау істері, яғни жәбірленушінің шағымы бойынша қозғалатын істер ондай шағым болмаған жағдайда қысқартылуға жатады.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 33-бабында көзделген қылмыс туралы істер жеке айыптау істері болып есептеледі, іс жәбірленушінің арызы бойынша қозғалады және тараптар бітімге келген жағдайда іс тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 34-бабында көзделген қылмыс туралы істер жеке-жариялы істер болып есептеледі, іс жәбірленушінің арызы бойынша қозғалады, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 67-бабында бекітілген жағдайларда, яғни жәбірленушінің айыпталушымен бітімге келгенінде іс тоқтатылады.

Сот талқылауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 306-бабында көзделген жағдайларда аяқталуы мүмкін: ««егер судья істің өзі соттауына жатпайтынын анықтаса, онда ол мұндай шешімнің заңдық негіздерін келтіре және іс жолданатын сотты көрсете отырып, істі соттың қарауына жататындығы бойынша жіберу туралы қаулы шығарады, ол туралы процеске қатысушыларға хабарлайды».

Төртінші топқа: тергеу іс-қимылдарын жүргізу үшін сот отырысында шығарылатын алып келу туралы, бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе тоқтату туралы, қарсылық білдіру туралы өтініштерді қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы, қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы, мүлікке тыйым салу туралы қаулылар жатады.

Басты сот талқылауы барысында ең кең таралған тергеу әрекеттерінің бірі – сараптама тағайындау, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 354-бабына сәйкес сот тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен сараптама тағайындауға құқылы. Сараптама тағайындау туралы қаулы Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 325-бабына сәйкес кеңесу бөлмесінде шығарылады және жеке құжат түрінде жазылады. Өзге қаулылар соттың қалауынша не Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 360-бабында көрсетілген тәртіппен, не сол орында – сот отырысы залында қаулыны сот отырысының хаттамасына енгізе отырып шығарылады.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 315, 322-баптарында көрсетілген мән-жайлар болса, сот айыпталушыны келтіруге, сондай-ақ оған қатысты бұлтартпау шарасын қолдануға немесе өзгертуге құқылы. Сот сотталушыны еріксіз келтіру туралы қаулы шығарумен қатар, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 75-бабы 9-бөлігінің негізі бойынша жәбірленушіге де, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 82-бабына сәйкес куәгерге де қатысты қаулы шығара алады.

Сот Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 11-тарауына орай, өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуден шеттету туралы мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерді шешуге немесе адамның қылмыстық процеске қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар анықталған кезде тиісті қаулы шығару арқылы өз бастамасына сай оны іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетуге құқылы. Сот талқылауына қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сот Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 99, 100 және 101-баптарына сәйкес, процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қаулы шығарады.

Сот отырысы залында қоғамдық тәртіпті бұзған, не сотты сыйламаушылық байқалған жағдайда қылмыстық істі қараушы соттың (судьяның) қаулысымен кінәлі адамға әкімшілік заңдарында көзделген жаза шаралары қолданылуы мүмкін.

Үкімде азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 161-бабына сәйкес сот мүлікке тыйым салу туралы қаулы шығаруға құқылы.

Бесінші топқа: ерекше сипаттағы сот қаулылары жатады. Олар Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 387-бабында көрсетілген жеке мән-жайларға байланысты соттың реакциясын білдіреді, яғни онда мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдардың немесе олардың басшыларының назарын аударатын басты сот талқылауы барысында анықталған және қарастырылатын іске қатыссыз мән-жайлар жатқызылады. Сондықтан олар жеке қаулылар деп аталады. Сондай-ақ сот Қазақстан Республикасы ҚІЖК 59-бабының 4,5-бөлік-

¹ «Қадағалау сатысында қылмыстық істер бойынша өндіріс тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Племумының қаулысы (№ 2, 2000 жылдың 28 сәуірі).

терінде көрсетілген негіздер бойынша қадағалау сатысында істерді қарау кезінде жеке қаулы шығаруға құқылы¹. Сот өзінің жеке қаулыларымен мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар, ұйымдардың немесе олардың басшыларының назарын іс бойынша анықталған заңның бұзылу фактісіне, қылмыс жасауға себепті болған, азаматтардың құқықтарын бұзу, қызметтік не азаматтық борышын бұзуына, сондай-ақ азаматтық немесе қызметтік борышын өтеу кезінде көрсеткен жоғары саналылығы, ерлігі туралы жағдайларға аударады.

Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 387-бабында жеке қаулы бойынша бір ай мерзімнен кешіктірілмей қажетті шаралар қабылдануы және оның нәтижелері туралы жеке қаулы шығарған сотқа хабарлануы тиіс екендігі айтылған. Алайда заң осының орындалуына ешқандай кепілдік қарастырмаған. Сол себепті, жеке қаулысына жауап ала алмаған сот бұл жөнінде қайта-қайта ескертпелер жасауға мәжбүр болады. Өйткені жеке қаулысы жауапсыз қалған соттың бар қолынан келері — жоғары сатыда тұрған сотқа соттың жеке қаулысын орындауға жете көңіл бөлмеген жауапты қызметкердің үстінен шағым айту ғана.

Сондықтан Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің «Соттардың қылмыстық істер бойынша жеке қаулылар шығару тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында (№11, 2003 жылдың 19 желтоқсан) былай деп көрсетті: «Лауазымды тұлға жеке қаулыны қараусыз қалдырса немесе онда көрсетілген заң бұзушылықты жою жөнінде шара қабылдамаса, онда ол жеке қаулыға өз уақытында жауап қайтарылмағанға теңестіріледі, соған сәйкес сот төрағасы немесе іс бойынша төрағалық етуші Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (әрі қарай — ӘҚБтК) 636-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жазу үшін сот қызметкеріне нұсқау беруге құқылы, яғни ҚР ӘҚБтК-нің 541-бабына сай бұл әкімшілік іс сотта қаралуға тиіс. Осы фактілерді куәландыратын қажетті құжаттардың қосымшасымен, ӘҚБтК-нің 42-тарауына сәйкес артықшылықтары және әкімшілік жауаптылықтан қорғанышы бар адамдарды әкімшілік жауапқа тарту ерекшелігін ескере отырып, сондай-ақ ӘҚБтК-нің 35-бабының ережесі бойынша адамдардың әкімшілік жауапкершілікке тартылуы шешілетін жағдайды санамағанда, тиісті аумақтағы сотқа жіберіледі».

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 183-бабының 4-бөлігіне орай, сот қылмыстық, азаматтық немесе

әкімшілік істі талқылау кезінде қылмыс белгілерін байқағанда ол туралы жеке қаулы ретінде прокурорға хабарлауға міндетті.

Алтыншы топқа: апелляциялық сатыдағы сот шығаратын қаулылар жатады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысына (№13, 2003 жылдың 19 желтоқсаны) сәйкес, апелляциялық сатының өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі барлық іс-әрекеттер қаулымен ресімделеді. Жөбірленушіден, куәлардан жауап алу кезінде сот хатшысы хаттама жүргізеді.

Сот істі апелляциялық тәртіппен қараудың нәтижесінде Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 411-бабына сәйкес өз қаулысымен мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) үкімді, қаулыны өзгеріссіз, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;

2) үкімнің күшін жойып, істі қысқартады;

3) үкімді (қаулыны) өзгертеді;

4) үкімнің күшін жойып, істі бірінші сатыдағы соттың жанадан қарауына жібереді;

5) үкімнің күшін жойып, істі Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 303-бабында көрсетілген негіздер бойынша қосымша тергеуге жібереді;

6) Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 387-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталғанда жеке қаулы шығарады.

Апелляциялық сатыдағы соттар қаулы дайындаған кезде КІЖК-нің 422-бабының талаптарын қатаң басшылыққа алулары қажет.

Қаулының кіріспе бөлігінде КІЖК-нің 422-бабының 2-бөлігінде көрсетілген мәліметтермен қатар сот үкіміне (қаулысына) шағым берген немесе наразылық білдірген тұлғаларды, сондай-ақ бірінші сатыдағы сот қабылдаған шешімді көрсеткен жөн.

Сипаттау-дәлелдеу бөлігінде шағымның (қарсылықтың) немесе наразылықтың әрбір дәлеліне тиянақты жауап беріліп, істі тексерудің барысы мен нәтижелері, заңға сілтеме жасала отырып, сот қабылдаған шешімнің негіздері мен дәлелдері көрсетіліп, айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені, қылмыстың саралануы және жазалау шаралары туралы мәселелер бойынша нақтылы жауаптар болуы қажет. Назылық немесе шағым қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот қаулыда шағымдағы немесе наразылықтағы дәлелдерді теріске шығаратын тиянақты негіздерді келтіруге міндетті.

Үкім бұзылған немесе өзгертілген жағдайда, үкімге негіз етіліп алынған дәлелдемелердің неге жеткіліксіз деп танылғанын, қандай заң бұзушылықтар орын алғанын, олардың үкімнің мәніне қалай әсер еткенін көрсету қажет.

Қорытынды бөлікте қабылданған шешімінің мәні баяндалып, үкімге енгізілген әрбір өзгеріс көрсетіледі. Қорытынды бөліктің тұжырымдамасы КІЖК-нің 411-бабында баяндалған шешімдердің бірін бейнелеуге тиіс.

Апелляциялық сатыдағы соттың іс бойынша шығарылған жеке қаулыны бұзу немесе өзгерту туралы шешімі, жеке қаулыда істің мәніне қатысты мән-жайлар баяндалған жағдайлардан басқа реттерде жеке қаулымен ресімделеді.

Апелляциялық қаулыларды КІЖК-нің 423-бабының қағидаларын сақтай отырып шығару қажет.

Сот құрамы қаулының толық мәтінін іс қаралған күннен бастап жеті күннің ішінде дайындап, қол қойған жағдайда, қаулының қорытынды бөлігі іс қаралғаннан кейін дереу кенесу бөлмесінде шығарылып, оған соттың бүкіл құрамы қол қояды. Істі қарауға қатысқан судьялардың бәрі қаулының толық мәтініне қол қойғанға дейін қаулы орындауға жіберілуге тиіс емес, ал оның көшірмесін мүдделі адамдарға жіберуге болмайды.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы ол жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Апелляциялық қаулыны орындау кезінде туған күмәндер мен түсініспеушіліктерді сол қаулыны шығарған сот КІЖК-нің 49-тарауының қағидалары бойынша қарауы мүмкін.

Жетінші топқа: соттың үкімін орындаумен байланысты қаулылар жатады. Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 49-тарауында¹ көрсетілген мәселелерді шешу үшін үкім шығарған сот не сотталушының жазасын өтейтін жеріндегі сот немесе сотталушының тұрғылықты жері бойынша сот үкімді орындау барысында туындайтын күмәндер мен түсініксіздіктерді жою туралы; жазалау шарасын өзгерту немесе жою туралы; жазалау түрін өзгерту туралы; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту немесе тоқтату туралы және үкімді орындауға байланысты өз құзыреті шегінде қаулылар шығарады.

¹Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан «О практике рассмотрения уголовных дел в апелляционном порядке» от 19 декабря 2003 г. № 13.

Сегізінші топқа: Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 468-бабына сәйкес қадағалау сатысындағы соттың қаулысы осы Кодексте апелляциялық қаулы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Қадағалау сатысындағы соттың қаулысына іс бойынша шешім қабылдаған барлық судьялар қол қояды. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 464-бабына сәйкес сот қадағалау шағымын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша:

шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау және қадағалау шағымын қылмыстық істі сұрата отырып қадағалау сатысында қарау туралы;

шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы;

қадағалау шағымын қайтару туралы қаулы шығарады.

Соттың қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері бойынша шығарған қаулысында:

қаулының шығарылған күні мен орны;

қадағалау шағымын қараған және қаулы шығарған тиісті сот судьяларының тегі мен аты жөні;

дау туғызған сот актісін көрсете отырып қаулы шығарылған іс;

қадағалау шағымын берге адам;

қадағалау шағымында келтірілген дәлелдер;

Шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудың немесе одан бас тартудың не қадағалау шағымын оларды берген адамдарға қайтарудың негіздері:

осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірі көрсетілуге тиіс.

Қадағалау шағымын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша шығарылған қаулының көшірмесі қадағалау шағымын берген адамға жіберіледі.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 467-баптың алтыншы бөлігінің бірінші тармағына сәйкес шағымды (наразылықты) қанағаттандырусыз қалдырады не істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Тогызыншы топқа қылмыстық іс бойынша өндірісті жүргізетін мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалынған шағымдарға байланысты соттардың қаулылары жатқызылады.

2003 жылдың 20 наурызында қабылданған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Прокурордың сезіктіні, айыпталушыны қамауға алу, үйде қамап ұстау немесе қамауға алу, үйде қамап ұстау мерзімін ұзарту жөніндегі санкциясына сотқа шағымдану туралы» №1 нормативтік қаулысында былай делінген:

«Судья прокурордың қамауға алу, үйде қамап ұстау не оның мерзімін ұзарту туралы санкциясына сотқа берген шағымын алғаннан кейін сот отырысын дайындау туралы қаулы шығарады. Қаулыда, атап айтқанда:

- сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны;
- шағымның дәлелдерін тексеру үшін қажетті тұлғалардың сот отырысына шақырылғаны;
- қылмыстық істің немесе шағымдалып отырған бұлтартпау шарасын тандап алудың негіздемелері мен тәртібіне қатысы бар қылмыстық іс материалдарының бір бөлігінің сұратылғандығы;
- шағымды қарау үшін қажетті құжаттардың сұратылғаны;
- қамауда отырған адамның, оның өкілінің, қорғаушысының қажет болған жағдайда сот отырысына шақырылғаны көрсетілуі тиіс».

Шағымды қараудың нәтижелері туралы судьяның қаулысы дәлелді болуға тиіс. Онда айыпталушының, сезіктінің анкеталық мәліметтері, атап айтқанда:

- қаралып отырған шағымның мәні және шағымды кімнің бергені;
- тұлғаның қылмыстық заңның қай бабы бойынша жауапқа тартылып отырғаны;
- оны кімнің қашан ұстағаны, қамауға алғаны;
- прокурордың қамауға алу, үйде қамап ұстау немесе олардың мерзімін ұзарту жөніндегі санкциясына шағымдану уәжі;
- прокурордың қамауға алу, үйде қамап ұстау немесе олардың мерзімін ұзарту жөніндегі санкциясының заңдылығы мен негізділігіне немесе қамауға алу, үйде қамап ұстау түрінде бұлтартпау шарасын бұзу немесе өзгертуге себеп болған дәлелдерге сүйеніп қабылданған шешімнің мәні;
- бұлтартпау шарасы жеңілдетілген жағдайда өзге қандай бұлтартпау шарасының тағайындалатыны;
- сезіктіні, айыпталушыны қамаудан босатудың негіздері;
- судьяның қаулысына шағымданудың (наразылық келтірудің) тәртібі мен мерзімі көрсетілуге тиіс.

Судья қаулысы КІЖК-нің 110-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, оны шағымдануға құқығы бар адамдарға дереу жіберіледі және оның көшірмесі қылмыстық іс материалдарына тіркеледі¹.

¹ П.18 нормативного постановления Верховного суда Республики Казахстан «О судебном обжаловании санкции прокурора на арест, домашний арест подозреваемого, обвиняемого или продление срока ареста, домашнего ареста» от 20 марта 2003 г. №1.

1.2. Хаттама

ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі істі алдын ала тыңдауды жүргізу барысында (КІЖК 301-баптың 2-тармағы), басты сот талқылауы кезінде (КІЖК 328-баптың 1-тармағы) соттың және қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың барлық іс жүргізу әрекеттеріне хаттама жүргізуді міндеттейді.

Біздің ойымызша, заң шығарушы сот мәжілісіне хаттама жүргізуді мынадай себептерге байланысты міндеттейтін сияқты: *біріншіден*, процеске қатысушылар айтқан барлық фактілерді жалында ұстауға адамның есте сақтау қабілеті жеткіліксіз, әсіресе, кейбір істерді қарау мерзімі апталап, тіпті айлап созылған кездері мүлдем қиындап кетері анық; *екіншіден*, судьяны және сот процесіне қатысушыларды субъективизмнен қорғау үшін, өйткені судья заңды және негізделген үкім шығару барысында қылмыстық істің барлық мән-жайын жан-жақты, толық, әділ қарауы тиіс, ал мұндай талапты орындау, әрине, алдын ала тергеу және сот талқылауы барысында жинақталған материалдарды кенесу бөлмесінде хаттама негізінде салыстыру арқылы жүзеге асырылмалы; *үшіншіден*, жоғары тұрған сот қабылданған қаулының, үкімнің заңдылығын және негізділігін ресімделген хаттама арқылы ғана тексере алады; *төртіншіден*, сот өндірісін қуәландыру үшін.

Басты сот талқылауында судьялардың дәлелдемелерді тікелей және ауызша зерттеуі басты сот талқылауы рәсімі мен жүретін дәлелдеу процесін көрсету. ерекше іс жүргізу құжатында — сот отырысы хаттамасында бекітіледі.

Жалпыға мәлім, «Хаттама — сот талқылауының айнасы» деген ұғым көпшіліктің қолданатын сөзіне айналып кетті. Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 328-бабының 3-бөлігінде хаттаманы рәсімдеудің қатан сақталатын ережелері бекітілген, онда сот отырысы хаттамасында міндетті түрде қамтылуы тиіс мәліметтер келтірілген: «басты сот талқылауының күні, оның басталу және аяқталу уақыты; қандай іс қаралып жатқаны; соттың атауы және құрамы, хатшы, аудармашы, айыптаушы, қорғаушы, сотталушы, сондай-ақ жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сот шақырған басқа да адамдар; сотталушының жеке басы туралы деректер және бұлтартпау шарасы; соттың жүргізілген реттегі іс-әрекеті, іске қатысушы адамдардың арыздары, қарсылық білдірулері және өтініштері; соттың кенесу бөлмесіне бармай шығарылған қаулы-

лары, қаулылардың кенесу бөлмесінде шығарылуына нұсқау; іске қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерінің түсіндірілуі; айғақтардың егжей-тегжей мазмұны; сарапшыға қойылған сұрақтар және оның мәні, айыптаушыны қамаудан босату туралы шешімдердің біреуін шығарады. Егер прокурордың сезіктіні, айыпталушыны медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға берген санкциясына сотқа шағымданса, онда сот мәжілісінде жүргізілген тексерулер мен дәлелдерді зерттеу жөніндегі басқа іс-әрекеттердің нәтижелері; іске қатысушы адамдар хаттамада куәландыруды өтінген фактілерге нұсқамалар; тараптардың сот жарыссөзінде сөйлеген сөздерінің және сотталушының соңғы сөзінің негізгі мазмұны; үкімнің жарияланғаны және оған шағымдану тәртібі мен мерзімі түсіндірілгені туралы нұсқама көрсетіледі. Бұған қоса, хаттамада егер орын алған болса, сотты сыйламаушылықты куәландыратын фактілер және тәртіп бұзушының жеке басы мен соттың тәртіп бұзушыға қолданған ықпал ету шаралары да атап көрсетіледі.

Хаттама сот отырысы аяқталғаннан кейінгі бес тәуліктен кешіктірілмей жасалып, оған наразылық етуші мен хатшы қол қоюға тиіс. Сот талқылауы барысында хаттама бөліп-бөліп жасалуы мүмкін, оларға және бүтіндей хаттамаға сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы қол қояды (Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 328-бабы, 4-бөлігі).

Сот талқылауы хаттамасының дұрыс жазылуы төңірегінде сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысының арасында түсініспеушілік туса, соңғысы өзінің келіспеушіліктерін жазбаша түрде сот отырысы барысында жасалған жазбаларымен бірге хаттамаға тіркеуге құқылы (Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 328-бабы, 5-бөлігі). Заңның бұл нормасы басты сот талқылауы кезінде киноға түсіру, бейне, дыбыс жазбасын қолдануға мүмкіндік береді, олардың материалдары сот отырысы хаттамасына қоса ұсынылады, оларға сүргіш салынып, іспен бірге сақталады. Хаттамада аталған техникалық құралдардың қолданылғаны туралы белгі қойылады (Қазақстан Республикасы КІЖК-нің 328-бабы, 6-бөлігі).

Істі апелляциялық немесе қадағалау тәртібінде қараған кезде қажет болған жағдайда жазба материалдары қайтадан алынуы мүмкін¹.

¹ Абдиқанов Н.А. Организация главного судебного разбирательства по уголовным делам в Республике Казахстан. Алматы: Баспа. 2001. 67-бет.

Төрағалық етуші тараптарға басты сот талқылауының хаттамасы дайындалғаны туралы хабарлауға және онымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 328-бабы, 7-бөлігі).

Басты сот талқылауында жауап алынған адам хаттамадағы өз айғақтарының жазылуымен таныстыру жөнінде өтініш жасауға құқылы. Мұндай мүмкіндік өтініш мәлімделгеннен кейінгі күннен кешіктірілмей берілуге тиіс (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 328-бабы, 8-бөлігі).

Сот қаулысына дау айтысу процеске қатысушылардың, хаттамамен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етпеу апелляциялық сот сатысының істі қайта рәсімдеуге қайтаруы үшін негіз болып табылады¹.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 329-бабына сәйкес «басты сот талқылауының хаттамасына қол қойылғаннан кейінгі бес тәуліктің ішінде тараптар, сондай-ақ осы Кодекстің 328-бабының 8-бөлігінде көрсетілген өзге де адамдар хаттамаларға ескертпелер беруге құқылы. Аталған мерзімді іс бойынша төрағалық етуші тараптардың өтініші бойынша он тәулікке дейін ұзирта алады».

Басты сот талқылауы хаттамасына ескертпелер жасау құқығы сот отырысы хаттамасының толық және дұрыс жасалуына бақылау жасау құралы болып табылады. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертпелерді төрағалық етуші, ал ол ұзақ уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы қарайды. Қажет болған жағдайларда (мысалы, өтініш берушінің хаттамада нақты нені көрсеткісі келетіні анық емес болса) төрағалық етуші нақтылау үшін ескертпе берген адамдарды шақыртуға құқылы².

Ескертпелерді қарау нәтижелері бойынша судья олардың дұрыстығын куәландыру туралы не оларды қабылдау туралы дәлелді қаулы шығарады. Хаттамаға және судьяның қаулысына жасалған ескертпелер басты сот талқылауларының хаттамасына қоса тігіледі (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 330-бабы).

¹ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы «Сот отырысының хаттамасы жөнінде қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын қолдану туралы» № 11. 2005 жылғы 23 желтоқсан.

² Абдиканов Н.А. Организация главного судебного разбирательства по уголовным делам в Республике Казахстан. Алматы: Баспа. 2001. 68-бет.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 301-бабына сәйкес сот отырысының хаттамасы алдын ала тындау барысында да жүргізіледі.

Алдын ала тындау да, сондай-ақ басты сот талқылауы да сот отырысы хаттамасының міндетті қатысуымен жүргізіледі, ол Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 87-бабына орай, сот отырысының хаттамасында көрсетуге жататын барлық жағдайларды толық және дұрыс жазып отырады. Сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болады. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 90-бабы және 94-бабының 1-бөлігінің 2-тармағы көзделген мән-жайлар туындаса, оған қарсылық білдіріледі.

Тұлғаның сот отырысына сот отырысының хатшысы немесе соттың приставы ретінде оның алдында қатысуы олардың сот отырысына тиісті сапада одан әрі қатысуын жоққа шығаратын мән-жай болып табылмайды. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру туралы мәселені істі қараушы сот шешеді (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 94-бабы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы «Сот отырысының хаттамасы жөнінде қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын қолдану туралы» 23 желтоқсан 2005 жылғы № 11 сәйкес ҚІЖК-нің 301-бабында, ҚІЖК-нің 41–45-тарауларында көзделген жағдайлардан басқа, сондай-ақ хаттаманы мынадай кезде жүргізу міндетті:

– ҚІЖК-нің 109-бабында тәртібімен прокурордың шешіміне шағымды қарау;

– сезіктіге, айыпталушыға қамауға алу, бұлтартпау шарасын қолдануға және қамау мерзімін ұзартуға, сондай-ақ сезіктіні, айыпталушыны сот медициналық сараптама өткізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға берген прокурордың санкциясының заңдылығы мен негізділігін ҚІЖК-нің 110, 111-баптарының тәртібімен тексеру;

– істі апелляцияда қарау кезінде жәбірленушіден, куәдан, сарапшыдан жауап алу;

– ҚІЖК-нің 452–457-баптарының тәртібінде үкімнің орындалуымен байланысты мәселелерді шешу;

– ҚІЖК-нің 54–56-тарауларында көзделген тәртіпте ерекше өндірісте істерді қарау (медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, іс жүргізу өндірісінің іс-әрекеттері туралы шет мемлекеттер сотының тапсырмасын атқару; шет мемле-

кеттер сотының үкімін орындаумен байланысты мәселелерді шешу).

Сот практикасын зерделей келгенде, судьялардың сот отырысы хаттамасының дұрыс жүргізілуіне жете көңіл бөле бермейтінін көруге болады.

Тіпті, кейбір судьялар бұрынғы қылмыстық іс жүргізу заңдарын да қолданылған әрекет еткен хаттамалардың үлгілерін қазіргі қылмыстық іс жүргізу заңымен іс қарағанда сол үлгілерге салып пайдаланатыны да ұшырасады. Соның нәтижесінде, хаттамаларда сот отырысы кезінде судьяның барлық іс-әрекеттері, оның ішінде процеске қатысушылардың іс жүргізу құқықтарын түсіндіруге қатысты әрекеттері толық көрінбей қалады.

Ал судьялардың кейбіреулері заңда көзделген мүмкін болатын мән-жайларды белгілеп, сот отырысының хаттамасы үлгілерін дайындап алған. Мұндай үлгілерді хаттама бланкісі ретінде қолдана отырып, олар нақты іске қажеті жоқ мән-жазбаларға көңіл бөлмейді (мысалы, қорғаушыдан бас тарту, соған орай сот шешіміне қарсылық білдірулер, оларды шешу және т. б.)¹.

Сот тәжірибесінде хаттамаларда сотталушының, жәбірленуші мен куәлардың жауаптары қысқартылып, толық көрініс таба бермейтініне байланысты бұзушылықтардың жиі кездесетіні; хаттамаларда және заңдық фактілерді бұрмалау (көбіне-көп аңдаусыз); мәселелердің анықталмай қалуы; төрағалық етушінің объективті еместігі және әділетсіздігін, айыптау жағының басымдығын көрсететін деректері келтірілмейді; берілетін өтініштер өтініш берушінің айқындамасын білдіретін дәлелдерсіз ұсынылады, сондықтан соттың қабылдаған шешімінің дұрыстығын бағалауға мүмкіндік болмайды; айыптаушы мен қорғаушының жасалған қылмысты заңдық тұрғысынан саралауы мен дәлелдеуі бойынша сот жарыссөзінде айтылатын негізгі дәлелдері де келтірілмейді және т.б. Сондай-ақ, шығарылған үкімге хаттаманы «көшіре салу» жағдайлары да белгілі².

Сайып келгенде, сот отырысының хаттамасында соттың барлық іс жүргізу әрекеттері оның іске тікелей қатысы бар-жоғына қарамастан көрініс табуға тиіс.

¹ Нарикбаев М.С., Юрченко Р.Н., Алиев М.М. Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. Астана, 1999. 307-бет.

² Халдеев Л.С. Судья в уголовном процессе. М.: Юрайт, 2000. 266-бет.

Мәселен, басты сот талқылауының дайындық бөлімінде бір-қатар әрекеттер іске тікелей қатысты емес, дегенмен оларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 41-тарауында көрсетілгендей, белгілі бір реттеу және іс жүргізу нысанын қатаң сақтау талап етіледі.

Сот отырысының хатшысы жүргізетін сот отырысы хаттама болып табылмайды. Ол іс жүргізу нысанымен әзірленген және заңмен белгіленген тәртіпте хатшы мен төрағалық етуші қол қойғаннан кейін ғана хаттама болып есептеледі. Қылмыстық іс жүргізу заңы хаттама жүргізудің мәшінкелік, немесе компьютерлік әдістерін қарастырады, сондай-ақ хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенография қолданылуы мүмкін (ҚР ҚІЖК 328-баптың 2-тармағы). Алайда, іс жүзінде көрсетілген норманы орындау үлкен қиындық тудыруда. Өйткені бүгінгі таңда соттарда стенографияны меңгерген хатшылар жоқтың қасы. Оның үстіне Қазақстанда мұндай мамандарды әзірлеу мәселесі әлі оң шешімін тапқан жоқ.

Қылмыстық іс жүргізу заңында стенографиялық жазбалар туралы нақты ештеңе айтылмаған. Ал, ғылыми әдебиеттерде стенограмма сот хаттамасы ретінде төрағалық етуші мен хатшы салыстыра тексеріп, түзеткеннен және қол қойғаннан кейін ғана іс жүргізу мәніне ие болады деген тұрақты пікір қалыптасқан. Аталмыш тұжырым, қазіргі заманғы іс жүргізу саласындағы ғалым Н.А. Әбдіқановтың пікірі бойынша, сот өндірісінің жалпы талаптарына қайшы келмейді.

Ал енді сот талқылауын машиналық немесе компьютерлік әдістермен қағазға түсіру мәселесіне келер болсақ, іс жүзінде хатшылар сот мәжілісінде хаттаманы қолмен жазып, тек отырыстан кейін ғана машиналық немесе компьютердің көмегімен оны ресімдеп жүр. Хаттаманы әзірлеудің мұндай технологиясы, біздің ойымызша, өте тиімсіз – көп уақыт жоғалту болып табылады.

Шын мәнінде, хатшының хаттама жүргізуден басқа да міндеттері толып жатыр ғой. Айталық, істерді сот талқылауына әзірлеу барысындағы тиісті жұмыстарды орындау (сұрау салу, хаттар әзірлеу, сотқа шақыру, т.б.); процеске қатысушыларды, куәларды шақыру; істерді қараудың, апталық кестесін жасау және оны аудандық соттың кеңсесіне тапсыру; қылмыстық істерді алдын ала тындаудан және басты сот талқылауынан кейін ресімдеу; қарау қорытындысын істерді есепке алу журналына